

Аңдатпа

Бұл дипломдық жұмыста жолаушылық лифтісінің жұмыс органдарындағы электр жетегінің жылдамдығын реттеуі жүйесін автоматтандыру шаралары келтіріледі. Жиілікті реттелетін асинхронды қозғалтқышты таңдаудың анализі және талғамы қарастырылады. 4МТКФ(Н) 200L6 типті қозғалтқыш және ATV61HD22M3X типті жиілікті түрлендіргіш таңдалынады. Жолаушылық лифтісінің электр жетегін басқару жүйесі құрылды және MATLAB бағдарламасында динамикалық жұмыс режиміне зерттеулер жүргізілді.

Жүйенің әр түрлі жұмыс режимдерінде өтпелі процесстер зертелініп қарастырылды.

«Экономикалық бөлім» тарауында шығыс жұмыстарының техникэкономикалық түсіндірмесі көрсетілді.

«Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі негіздері» бөлімінде жолаушылық лифтісін пайдалануға беру шараларындағы жобалаулар мен есептеулер жүргізілді. Жолаушылық лифтіні пайдалануға берер алдағы қауіпсіздік техникасы қарастырылып және қорғаныс жерлеуі есептелінді.